

Халық және еңбек статистикасы

Орындаған: Сағындықов Данияр, Сапар Сырым

Орындаған: Сағындықов Данияр, Сапар Сырым

Халық және еңбек статистикасы:

- Халық саны және құрамының статистикасы
- Жұмысбастылық және жұмыссыздық статистикасы
- Халық қозғалысының статистикасы
- Халық санын болжаудың статистикалық әдістері
- Жұмыс істейтін халықтың қозғалысы және жұмыс күші құнының статистикасы.

Халық саны және құрамының статистикасы

Халық берілген аумақта тұратын адамдар. Халық статистикасының бақылау объектісіне тұтас халық және оның жеке белгілі топтары жатады. Бақылау бірлігі – адам, отбасы, үй шаруашылығы.

Еңбекке жарамдылығына қарай халықтардың келесідей категориялары бар: еңбек жасындағы халық саны, еңбек жасындағы еңбекке қабілетті халық саны, еңбек ресурстары.

Еңбекке жарамды жастағы тұрақты халық саны - Әлеуметтік қорғау орнынан зейнетақы алатын, еңбекке қабілетті жастағы, 1-2 топтағы мүгедектер саны, еңбек жасына байланысты қосымша шартпен зейнетақы алатын, еңбекке жарамды жастағы жұмыс істемейтін зейнеткерлер саны.

Халық және еңбек статистикасының міндеттері:

- - халықтың табиғи қозғалысы зерттеу;
- - халықтың миграциялық қозғалысын зерттеу;
- - еңбек нарығын, халықтың жұмысбастылғын және жұмыссыздығын зерттеу;
- - халық санын болжау.

Халық туралы ақпарат көздері:

- Халық санағы – критикалық сәт кезіндегі күйі бойынша қазақстан Республикасындағы әр азаматты сипаттайтын демографиялық және әлеуметтік мәліметтерді жинау процесі. Халық санағы әр 10 жыл сайын жүргізіледі. (1999 жыл 25 ақпан)
- Халық туралы халық санақтары арасындағы ағымдағы есеп: - азаматтық күй актысы- қалпындағы жазбалар – халықтың табиғи қозғалысы түрдегі перзентханада, загстерде, аудандық кеңестегі халық есебі; - миграциялық (көшіп-қону) процестер – келу парғына тіркелетін статистикалық есеп талоны, ішкі істер органдарының және паспорт рұқсатнама қызметінің мәліметі.
- Ішінара зерттеу халық санақтары арасында жүргізіледі. Оның мақсаты – Қазақстан Республикасындағы және оның жекелеген аумақтарындағы халықтың әлеуметтік- экономикалық құрамы туралы қосымша мәліметтерді жинау.
- Ұйымдардың еңбек туралы есеп берулері жұмыс істейтін халықтың еңбек қызметтерін сипаттайды.

Халық санағы келесі категориялармен тіркеледі: тұрақты, нақты халық және олармен тығыз байланыстағы уақытша келгендер және уақытша кеткендер.

Статистика халықтың құрамын басқа белгілері (жыныс, жас, әлеуметтік жағдайы, отбасы жағдайы, ұлты, білім деңгейі, күн көру көздері, аймақ, қызметінің түрі, т.б.) бойынша топтастырумен сипаттайды

Жұмысбастылық және жұмыссыздық статистикасы

Қазақстандағы еңбек нарығының деңгейі және дамуының сипаттамасы еңбек ресурстарының категорияларымен байланысады. **Еңбек ресурстары** – еңбекке жарамды халық, демек нақты және потенциалды жұмыскерлер.

Халықтың еңбекке нақты және потенциалды жұмыскерлері
қатарына кіреді. **Еңбек ресурстары** – еңбекке жарамды
сипаттамасы еңбек ресурстарының категорияларымен
байланысады. Еңбекке жарамды халық, демек нақты және
потенциалды жұмыскерлер.

- **Еңбек ресурстары** – экономикалық белсенділік мәртебесі бойынша экономикалық белсенді және экономикалық белсенді емес халық болып бөлінеді. Экономикалық белсенді халық - өндірістік тауарлар мен қызметті өндіруді жұмыс күшімен қамтамасыз ететін халықтың бір бөлігі. Халықаралық стандарттарға сәйкес белсенді халыққа 15 және одан жоғары жастағы адамдар жатады.



Экономикалық белсенді жастарға 15-24 жас аралығындағы жұмыспен қамтылған және жұмыссыздар жатады.



- **Жұмыспен қамтылған халық (жұмысбасты)** – жасына қарамастан экономика саласында нақты жұмыс істеп жүрген халық. Жұмысбастылық мәртебесі бойынша жұмыспен қамтылған халық екіге бөлінеді: жалдамалы жұмысшылар және өзіндік кәсіпкерлер.



- **Жұмыссыздар** – экономикалық белсенді жастағы халық, жұмыс орны жоқ, бірақ белсенді жұмыс іздеп жүрген және жұмысқа дайын адамдар.



- **Экономикалық белсенді емес халық** – үй шаруашылығымен айналысатын, экономикалық белсенді жастағы халық және күндізгі оқу бөлімінде оқитындар.



- **Экономикалық қызмет жасамайтын, еңбекке жарамды жастағы, еңбек етуге қабілетті халыққа жататындар** - мүгедектер, асыраушы адамды жоғалтқандар, жеңілдік шарты бойынша зейнетақы алатындар; жұмысты іздемейтіндер, бірақ жұмыс істеуге мүмкіншілігі бар және жұмыс істеуге дайындар, табыс көзіне қарамай, жұмыс істеуге қажеттіліктері жоқ адамдар.



Халық қозғалысының статистикасы

- Туу және өлу процестерінің әсер етуі есебінен халық санының өзгеруі табиғи қозғалыс деп аталады. Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасынан және аймақтар ішінде тұратын мекендеуге келгендер және шетелге тұрақты мекендеуге кеткендер халықтың миграциялық қозғалысы деп аталады. Халықтың жалпы қозғалысы табиғи миграциялық қозғалыста туындайды.




Халық қозғалысының абсолютті көрсеткіштері:

1. N – туылған балалар саны.
2. M – өлгендер саны.
3. m – ағымдағы жылда 1 жасқа толмай шетінеп кеткен сәбилердің саны.
4. $таб.$ = $N - M$ – халықтың табиғи өсімі.
5. H – некеге тұру саны.
6. A – ажырасу саны.
7. B – Қазақстан Республикасынан, аймақтарынан кеткендер саны.
8. $П$ – Қазақстан Республикасына, аймақтарына келгендер саны.
9. $миг.$ – $П - B$ – халықтың миграциялық өсімі.
10. $П + B$ – халықтың миграциялық айналымы.
11. $жалпы = таб. + миг. = N - N + П - B = Sc - Sb$ – халықтың жалпы өсімі.
12. Sb – жыл басындағы халықтың саны.
13. Sc – жыл соңындағы халықтың саны.
14. $Sc = Sb + N - M + П - B$ – жыл соңындағы халықты есептеу үшін осы баланстық әдіс пайдаланылады.

Халық қозғалысына қатысты көрсеткіштер

- Халықтың құрылымы, үлес салмағының көрсеткіштері.
- Координация коэффициенті – халықтың жеке категорияларының өзара қатынасы.
- Халықтың табиғи және миграциялық қозғалысының коэффициенттері.

● Халықтың табиғи және миграциялық қозғалысының коэффициенттері.



Халықтың табиғи қозғалысының коэффициенттері:

- Жалпы туу коэффициенті
- Арнайы туу коэффициенті
- Жастық туу коэффициенттері
- Жалпы өлу коэффициенті
- Нәрестелердің шетінеу коэффициенті
- Жастық өлу коэффициенттері
- Туу және өлу процестері арасындағы қатынасты анықтау үшін Покровский коэффициенті
- Табиғи өсім коэффициенті
- жалы некелілік
- Жалпы ажырасу коэффициенті
- Арнайы некелілік және ажырасу коэффициенттері
- Ажырасушылық арнайы коэффициенті
- Некелік және ажырасушылық коэффициенттері

Жалпы туу коэффициенті:

$$K_{\text{жалпы туу}} = \frac{N * 1000}{\bar{S}}$$

саны

, мұндағы $\bar{S}$ - халықтың орташа жылдық



Арнайы туу коэффициенті:

$$K_{ар.туу} = \frac{N * 1000}{S_{b(15-49)}},$$

мұндағы $S_{b(15-49)}$ - 15-49 жастағы әйелдердің орташа саны



Жастық туу коэффициенттері - әйелдердің белгілі жас тобынан туылған балалар санының осы жас аралығындағы әйелдердің орташа санына қатынасына тең болады.



Жалпы өлү коэффициенті:

$$K_{\text{өлү}} = \frac{M * 1000}{\bar{S}}$$



Нәрестелердің шетінеу коэффициенті деп 1 жасқа толмаған сәбилердің шетінеп кеткен дәрежесін көрсететін шаманы айтады. Бұл коэффициент екі тәсілмен табылады:

А) нәрестелердің туылу кезеңін есепке алмай –

$$K_{\text{нәр.шет.}} = \frac{m}{N} * 1000 ,$$

мұндағы $K_{\text{нәр.шет.}}$ - нәрестелердің шетінеу коэффициенті

Б) нәрестелердің туылу кезеңін есепке алып –

$$K_{\text{нәр.шет.}} = \frac{m}{\frac{2}{3} N_1 + \frac{1}{3} N_0} * 1000 ,$$

мұндағы N_0 - өткен жылы туылған балалар саны; N_1 - ағымдағы жылы туылған балалар саны.

Жастық өлу коэффициенттері анықталған жас тобындағы өлгендер санының осы жастағы халықтың орташа санына қатынасына тең.



Туу және өлу процестері арасындағы қатынасты анықтау үшін Покровский коэффициенті (өміршеңдік)

қолданылады: *К Покровский*

$$\text{өміршеңдік} = \frac{N}{M} * 1000$$

Табиғи өсім коэффициенті:

$$K_{\text{таб}} = \frac{(N-M) * 1000}{S} = K_{\text{жалпы туу}} - K_{\text{өлу}}$$



- жалы некелілік коэффициентін анықтау үшін бір жылда тіркеуге алынған неке санын халықтың жылдық орташа санына бөледі және оны 1000-ға көбейтеді:

$$K_{неке} = \frac{H * 1000}{S}$$



Жалпы ажырасу коэффициенті:

$$K_{ажыр.} = \frac{A * 1000}{S}$$



Арнайы некелілік және ажырасу коэффициенттері некеге тұру жасын анықтайды (15 жастан жоғары), мысалы

$$\text{Карнайы некелілік} = \frac{H}{S_{15 \text{ жастан жоғары}}} * 1000$$



Ажырасушылық арнайы коэффициенті:

$$\text{Карнайы ажыр} = \frac{A}{S_{15 \text{ жастан жоғары}}} * 1000$$



- Некелік және ажырасушылық коэффициенттері төмендегідей жас тобы аралықтарында (ерлер және әйелдер үшін жеке, бөлек) есептелінеді: 16-19, 20-24, 25-29, 30-34, 35-39, 40-44, 45-49, 50-54, 55-59 жас.



Халықтың жалпы миграциялық өсімі (миграциялық интенсивтілік), берілген тұрғылықты, жергілікті жерге көшіп келген адамдар саны мен берілген тұрғылықты жерден көшіп кеткен адамдар санының айырмасымен анықталады.

Миграциялық өсімнің немесе миграциялық интенсивтіліктің коэффициенті:

$$K_{\text{мигр.}} = \frac{\Delta \text{мигр} * 1000}{\bar{S}} = \frac{(\Pi - В) * 1000}{\bar{S}}$$

Жұмыс істейтін халықтың қозғалысы және жұмыс күші құнының статистикасы.

ҰШЖ бойынша жұмыс істейтін халық екіге бөлінеді: жалдамалы және өзін-өзі қамтитын жұмыс бастылар. ҰШЖ –де жалдамалы жұмысшылар әлеуметтік статусы бойынша екіге бөлінеді: жұмысшылар және қызметкерлер. Қызметкерлер жұмыскерлердің үш тобын құрайды: басшылар, мамандар, және басқа қызметкерлер.



және басқа қызметкерлер.
жұмысшылар және өзін-өзі қамтитын жұмыс бастылар.
жұмысшылар және өзін-өзі қамтитын жұмыс бастылар.
жұмысшылар және өзін-өзі қамтитын жұмыс бастылар.

Жұмыс күші қозғалысы интенсивтілігінің қатысты көрсеткіштері:

Жұмыскерлерді қабылдау бойынша айналым коэффициенті	=	жұмысқа қабылданған жұмыскерлер саны	x 100
Жұмыскерлердің жұмыстан кетуі бойынша айналым коэффициенті	=	жұмыскерлердің тізім бойынша орташа саны себептер бойынша жұмыстан кеткен жұмыскерлер саны	x 100
Жұмыс күшінің орнын басу коэффициенті	=	жұмыскерлердің тізімдік орташа саны	
Кадрлардың тұрақтамаушылығының коэффициенті	=	кезеңдегі жұмысқа қабылданған жұмыскерлер саны себептер бойынша жұмыстан кеткен жұмыскерлер саны	x 100
Кадрлардың тұрақтылық коэффициенті	=	өз еркімен жұмысқа келмеген және тәртіп бұзғандар саны тізім бойынша жұмыскерлердің орташа саны	x 100
Кадрлардың тұрақтылық коэффициенті	=	есеп беру кезеңіндегі тұрақты жұмыскерлер саны жұмыскерлердің кезең аяғындағы тізімдік саны	x 100

коэффициенті		жұмыскерлердің кезең аяғындағы тізімдік саны	
100	=	есеп беру кезеңіндегі тұрақты жұмыскерлер саны	x
тұрақтылық			
коэффициенті			

коэффициенті		тізім бойынша жұмыскерлердің орташа саны	
тұрақтылық	=	өз еркімен жұмысқа келмеген және тәртіп бұзғандар саны	x 100
коэффициенті			

коэффициенті		себептер бойынша жұмыстан кеткен жұмыскерлер саны	
--------------	--	---	--

- Жұмыс күшінің құны – бұл жұмыскердің және оның отбасының өмір сүру қаражаттарының құны. Кәсіпорынның жұмыс күшіне жұмсалған шығындары құнына жалақы қоры, жұмыскерлердің тұрғын үйіне жұмсаған шығындары, әлеуметтік қамтуға шыққан шығындар, кәсіптік оқытуға, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар және т.б. жатады.



Жалданбалы жұмыскерлердің еңбекақы төлемі- есеп беру кезінде жұмыс берушінің жалданбалы жұмыскерге орындаған жұмысына беретін ақша немесе зат түріндегі төлемақысы

